

Балаларға арналған Киелі кітап ұсынады



Рут: Сүйіспеншілік тарихы



Мәтінін жазған: Edward Hughes

Суретін салған: Janie Forest
Alastair Paterson

Бейімдеген: Lyn Doerksen

Қазақ тіліне аударған: Raikhan Esimkhankyzy

Шығарушы: Bible for Children
www.M1914.org

©2023 Bible for Children, Inc.
Лицензия: сатуға тыйм салынған, көшірме жасауға
немесе басып шығаруға рұқсат етілген.

Егер сіз өзіңіздің әжелеріңізбен, олардың ата-
бабаларымен, отбасыңызда сізге дейін болған
барлық адамдармен кездесе алсаңыз, олардың
қандай адам болғанына таңғалар едіңіз.
Киелі кітапта Исаның арғы әжелерінің
бірі Рут болған –жалған тәңірлерге
табынған моабтық әйел.



Руттың тарихы Исраилде Самсонның уақытынан кейін, Құдайдың халқы Оған сенім артуды және Оған бағынуды доғарған кезде басталды. Жерге өте қатты ашаршылық келді. Аштық дегеннің не екенін білесің бе? Дәл солай! Аштық дегеніміз далада не жеміс-жидек, не астық өспейді, малдар, кейде адамдар да аштықтан өледі.



3

Бір адам, Елімәлік, Бетлехемді өзінің әйелімен және екі баласымен тамақ іздеу үшін тастап шықты. Ол Моабқа, адамдар жалған тәңірлерге табынатын елге, аттанды.



4

Елімәлік пен оның отбасының жағдайы Моабта аса жақсы болмады. Ол қайтыс болды, іле-шала оның екі ұлы да көз жұмды.



Оның әйелі Нағима екі ұлының әйелдері, екі келінімен, Рут және Орпамен қалды. Екеуі де Моабтан болатын.

5

Жесір боп қалған Нағима Жаратқан Иенің Өз елін жарылқап, оларға мол астық бергенін естіді. Ол өзінің отанына қайтып оралуды ұйғарды. Бірақ екі әйел не істер еді? Нағима оларға Моабта қалуға, сөйтіп қайтадан тұрмысқа шығуға кеңес берді.



6

Орпа өзінің отбасына қайтып кетті. Ал Рут бас тартты. Оның орнына Рут өзінің енесін ешқашан да тастап кетпейтінін уәде еткен тамаша өлең айтты.




7


Наомидің ескі достары оның Бетлехемге үйге оралғанына қуанышты болды. Бірақ ол оларға қоңырау шалуды өтінді "Мара" (ащы) орнына Наоми (жағымды). "Үшін Құдай өте қатал болды менімен". Ноеминь қайтып келген жоқ Руфиден басқа.




8



Рут Моабтағы көптеген адамдар сияқты жалған тәңірлерге табынса да, ол Израилдің тірі Құдайына табыну үшін содан бас тартты. Рут Нағиманың тамағы жеткілікті болуы үшін тыным таппай жұмыс істеді. Әр күні ол егістіктегі орақшылардың артынан еріп жүріп, қалған астықты теріп алатын.



9



Боғоз, егістіктің иесі, Руттың енесіне қалай қайырымды болғанын естіді. Ол оны кезіктірген кезде, Боғоз өзінің орақшыларына әдейілеп уыс-уыс масақ тастап кетуді бұйырып, оған көмектесті. Боғозға Рут ұнай бастады.

10



Рут Нағимаға Боғоз бен оның жақсылығы туралы айтқанда, егде ханым Құдайға мадақ айтты. «Бұл адам – біздің туысқанымыз, бізге жақын туысқандардың бірі».

11



Уақыт өтіп, Боғоз Рутқа үйленгісі және Нағима мен оның отбасының жеріне қарағысы келді. Бірақ басқа бір жақын туысқанның мүмкіндігі одан жоғары болатын. Сол адам жерді алғысы келді, бірақ ол Рут өзінің әйелі болғанын қаламады. Занда ол біреуін ғана алып, екіншісін қалдырмауы керектігі жазылған.



12

Сол күндері адамдар келісімді бекіту үшін бір-бірінің қолын қыспайтын. Боғоз өзінің етігін шешіп, елдің көзінше оны басқа еркекке берді. Іс реттелді.



Рут оның әйелі болады. Енді Рут пен Нағима оның отбасының бөлігіне айналды.

13



Боғоз бен Рут өздерінің тұңғыштарын Ғабит деп атады. Ол Израилдің ұлы патшасы Дәуіттің атасы болды.

14

Одан да таңғаларлығы сәби Ғабит Иеміз Иса Мәсіхтің арғы атасы болды. Иса патшалардың Патшасы әрі әлемнің Құтқарушысы болу үшін Дәуіттің әулеті арқылы осы дүниеге келді.



15

Рут: Сүйіспеншілік тарихы

Құдайдың Сөзі –

Киелі кітаптан алынған әңгіме

Рут

"Мәнісі ашылғанда сөздерің нұрын шашады."
Забул 119:130

16



16

60

17

Киелі Кітаптағы бұл әңгіме бізді жаратқан әрі Оны білгенімізді қалайтын тамаша Құдайымыз жайында баяндайды.

Құдай біздің жаман істер істегенімізді біледі. Ол мұны күнә деп атайды. Күнәнің жазасы - өлім.

Құдай бізді сондай қатты сүйгендіктен, Өзінің жалғыз Ұлын, Исаны айқыш ағашта өліп, біздің құнымызды өтеу үшін жіберді. Иса қайта тіріліп, көкке көтеріліп кетті. Енді Құдай біздің күнәларымызды кешіре алады.

Егер сен күнәларыңнан арылғың келсе, Құдайға былай де: Көктегі Құдай, Исаның мен үшін өліп, қайта тірілгеніне сенемін. Мен енді жаңа өмірге ие болып, кейін Сенімен мәңгі бірге болуым үшін менің өміріме келе гөр, менің күнәларымды кешіре гөр. Сенің балаң болып, Сен үшін өмір сүруіме көмектесе гөр. Амин. Жохан 3:16

Киелі Кітапты күнделікті оқып, Құдаймен тілдес.

18